

**"Семей қаласының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылға арналған әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" Семей қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 35/234-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі № 40 /276-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 шілдеде № 6089 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 359 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" қаулысының 2-тармағына сәйкес, Семей қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Семей қаласының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылға арналған әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" Семей қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 мамырдағы № 35/234-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5797 болып тіркелген, 2019 жылғы 2 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жүз еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының  
төрағасы  
Қалалық мәслихаттың  
хатшысы

А. Арғынбекова  
Б. Ақжалов